

БАРМЫСЫҢ, БЕКІРЕ!

Қызылорда қаласына қарасты Талсуат елді мекенінің тұрғыны Ғалымжан Нағиев өңір үшін тосын да тың кәсіп қолға алғанын білесіз бе? Бұл – араға 60 жыл уақыт салып, Сыр өңірінде қайтадан өсіріле бастаған бекіре балығы. Сыр өңірінің су айдындарынан мүлде жоғалған бұл балық түрі бүгінде қайта жанданып келеді.

Бекіре – ең нәзік су маржаны. Оның нәзіктігі соншалық, су аздап бүлінсе, химиялық қоспалар көбейсе де бірден әлсіреп қалады. Басқа балықтар бірнеше жылда уылдырық шашып үлгерсе, бекіре он жылдан аса уақыт күтеді. Мәселен, кезінде Сырдарияның арнасы кең, суы мөлдір шақта бекіре еркін жүзіп, уылдырығын молынан шашатын. Алайда өзен арнасы тарыла бастағаннан, су ластанғаннан жоғалып кетті.



– Біздің өңірде бекіре 1964 жылы ресми түрде жойылған екен. Соны зерттей келе бұрын Арал теңізінде, Қамбаш көлінде өрбіген бұл бағалы балықты неге қайтадан өсірмеске деген ой келді. Алдымен оны Сырдария суына бейімдеуге бола ма, ондағы химиялық құрамға шыдай ма, соны байқап көруді жөн санадық. Нәтижесі жақсы, – дейді кәсіпкер, ауыл тұрғыны Ғалымжан Нағиев.

Оның айтуынша, бекірені жасанды жолмен өсіру табиғи ортаға қарағанда әлдеқайда тиімді.

– Уылдырық әуелі судың жиегінде жатады. Толқыннан қозғалып, содан дернәсіл жарып шығады. Кейіннен шабаққа айналады. Бірақ табиғатта мұның барлығы қауіп-қатерге толы. Судың температурасы 20-25 градус деңгейінде болмаса, тіршілігін тоқтатады. Әдетте, дарияда шашылған 1 миллион уылдырықтың тек 1 пайызы ғана өсіп жетіледі. Қалғаны жәндіктерге жем болып, жойылып кетеді. Ал арнайы аппараттың көмегімен бұл көрсеткіш 50-ден 80, тіпті 90 пайызға дейін жетеді. Өйткені мұнда уылдырықты қоршап алар жыртқыш та, қауіп-қатер де жоқ, – дейді кәсіпкер.



Жеті жыл бұрын сазан, дөңмаңдай, амур өсіруден бастаған кәсіпкер екі жыл бұрын бекіре балығын өсіруге ден қойған. Бір қызығы, бекіре өсірудегі алғашқы қадамын туған өлкесінде емес, Түркістан облысының Төле би ауданына қарасты Ленгір қаласында бастап көрген. Өйткені мұнда су тап-таза, таудан сарқырап ағып жатыр. Тазалығы табиғаттың сүзгісінен өткізгендей. Бәрі ойындағыдай болған соң бұл бастаманы туған жерде жалғастыруды жөн көрген. Өткен жылы Талсуаттан арнайы нысанның құрылысын жүргізіп, биыл мамырдан бастап бекіре шабақтары жіберіле бастаған. Қазіргі таңда 5 мыңдай шабақ өсірілуде. Сыр бойы үшін бұл бұрын-соңды



болмаған ерекше жағдай. Бекіренің бұл жерде өсірілу тәсілі де ерекше. Шаруашылық 50 метр тереңдіктегі жерасты ұңғымасынан алынған суды бірнеше сүзгіден өткізіп барып бассейнге құяды.



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

Аялаймын сені, Қызылорда!

26 тамыз
сейсенбі


№64 (2177)

2025 жыл

«АІТУ»: ЦИФРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Бүгінде байланыс құралдары жай ғана хабар алмасу тәсілі емес, мемлекеттің цифрлық егемендігі мен ақпараттық қауіпсіздігінің басты тірегіне айналып отыр. Жыл сайын деректердің сыртқа таралуы, құпия ақпараттың бөгде қолға түсуі әлем елдерін өз цифрлық инфрақұрылымдарын қайта қарауға мәжбүрледі. Қазақстан да бұл үдерістен тыс қалған жоқ. Біз әлі күнге дейін өзара хабар алмасу үшін шетелдік мессенджерлерге сүйенеміз. Бірақ сол платформалар арқылы жіберілген деректердің қайда кетіп жатқанын, кімге қолжетімді екенін ешкім нақты білмейді.

Осы тұрғыдан келгенде, Қазақстанның ұлттық байланыс құралы – «Аіту» мессенджерін мемлекеттік деңгейге шығару бастамасы кездейсоқ қадам емес. Мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік ұйымдар, тіпті



қарулы күштер де біртіндеп осы жүйеге көшіп жатыр. Бұл шешім көпшілік үшін тосын көрінуі мүмкін. Бірақ оның астарында үлкен стратегиялық мақсат бар, деректер қауіпсіздігі, отандық IT-секторды қолдау, әрі мемлекеттік қызмет көрсетуді барынша ыңғайлы ету.

«Аіту» туралы айтқанда біз тек технология емес, болашақтың цифрлық әлеуетін сөз етеміз. Қарапайым халыққа түсінікті, ал мемлекет үшін қауіпсіз әрі тиімді байланыс алаңы бола алатын мұндай платформаның маңызы күннен-күнге артып келеді. Ендіше,

бұл мессенджердің шығу тарихы қандай? Оны өзгелерден ерекшелендіретін не? Мемлекет неге дәл осы платформаны таңдады? Осы сұрақтарға жауап іздеп көрейік.

Нұрмахан Жұмағұлов, «KazStroyCapital LTD Kyzylorda» ЖШС агрономы:

КӨГАЛДАНДЫРУ ЖҰМЫСЫ АҒАШ ЕГУМЕН ШЕКТЕЛМЕЙДІ

Қаланы көгалдандыру – шаһар тіршілігіндегі өзекті мәселенің бірі. «Қызылордада тал өспейді» деп әзілдейтіндер де аз емес. Шынында, жазы аптап ыстықта қала табиғатына жерсінер қандай ағаш бар? Қызылорданы жасыл қалаға айналдыруға бола ма? Бұл сауалдарды қаланы көгалдандыру жұмысын қолға алған «KazStroyCapital LTD Kyzylorda» ЖШС агрономы Нұрмахан Жұмағұловқа қойдық. Ол қырық бес жылдан бері көгалдандыру жұмысымен айналысып келеді. Бір сөзбен айтқанда, өз саласының жайын бес саусағындай біледі.

– Аға буыннан қала туралы естелік естісек, бұл жердің бір кездері жасыл орман болғанын айтады. Демек, Қызылорда қаласында ағаш өспейді деу қате ғой?

– Әрине, қате пікір. Сыр өңірінің табиғаты шөлейтті болғанымен, тарихқа көз салсақ, Қызылорда жасыл желекке оранған өлке болғаны анық. Ата-әжелеріміз дария бойын жасыл орман, жыңғылды шағын тоғайлар, тораңғыл мен сексеуіл басқан дала ретінде сипаттайды. Кезінде дария арнасы кең, суы мол болғандықтан, жағалаудағы өсімдік түрлері де сан алуан еді. Тіпті қала ішінде де көлеңкесі мол бақтар, жеміс-жидек ағаштары болғаны жөнінде дерек бар. Әрине, уақыт ағымы, табиғи өзгерістер мен адам қолымен жасалған қателік салдарынан жасыл желек сиреп қалды. Дегенмен бұл «Қызылордада ағаш өспейді» деген сөздің қисыныз екенін дәлелдейді. Күтім мен еңбек болса, кез келген ағаш өседі.

– Биыл қаланы көгалдандыру жұмысын қолға алдыңыздар. Бұл жұмысты 5 жыл жүргізуге келісімшарт жасалғаны да белгілі. Неден бастадыңыздар?

– Біз жұмысты биылғы ақпан айынан бастап кеттік. Қызылорда қаласы әкімдігі мен «KazStroyCapital LTD Kyzylorda» ЖШС арасында бес жылдық келісім жасалды. Осы келісім аясында нәтижелі жұмыстар жүзеге асуда. Алғашқы күннен бастап алдымызға қойған басты мақсат – Қызылорда қаласын жасыл қалаға айналдыру. Тұрғындарға қолайлы орта қалыптастырсақ дейміз. Алайда Сыр өңірінің климаты ыстық екенін ескерсек, алғашында оңайға соқпағаны анық. Сол себепті көгалдандыру ісі жай ғана сәндік үшін емес, экологиялық тепе-теңдікті сақтау үшін де аса қажетті іс. Көктем мезгілінен бастап жоспарлы түрде ағаш, гүл егу жұмысы қолға алынды. Нәтижесінде бүгінгі күнге дейін 3500 түп терек, 1000-нан аса арша, 150-ге жуық қарағай, 1200-ге тарта раушан гүлі егілді. Әрбір ағашты отырғызу, әрбіріне

күтім жасау жүйелі еңбекті талап етеді. Өйткені көгалдандыру – кеңседе отырып бітетін жұмыс емес, нағыз маңдай терді қажет ететін сала. Таңмен таласа, кеш қарайғанша жұмыс істейміз. Сонымен қатар біздің тағы бір басты мақсатымыз – қаланы жасыл белдеумен қоршау. Бұл болашақта шаһардың экологиялық ахуалын жақсартуға, ауа тазалығын сақтауға және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді.

– Биыл қалаға ағаш көп егілді. Нәтиже қалай? Көктегені көп пе, құрап қалғаны ма?

– Қазақстан экологиялық жағынан, өсімдік егуге қолайлылық тұрғысынан үш деңгейге бөлінеді: жақсы, орташа, нашар. Қызылорда сол үшінші категорияға жатады. Яғни жердің құнарлығы төмен, климаты қатан. Суында тұз көп, топырағының астында сор қабаты бар. Алайда технология дамып жатқан заманда «экологиясы нашар» деп отыра алмаймыз. Қолымыздан келгенін жасаймыз. Мәселен, жерге тыңайтқыш беріп, жаңа технологиямен суарамыз, әр ағашты баладай мөпелеп, бақылаймыз. Биыл бірінші жыл болғандықтан 100 пайыз нәтижеге жеттік деп айта алмаймын. Дегенмен егілген ағаштардың 80%-ы жақсы өсті. Ал қарағайдың 50-60 пайызы көктеді. Әрине, қиындықтар да болды. Кей жерлерде су жетпей, тамырға бойламаған сәттер болды. Бастапқыда біз мұны білмедік. Бірақ бірте-бірте Қызылорданың экологиясына бейімделіп, тәжірибе жинадық.

– Күн ысыған кезде, тіпті ішілдеде ағаш отырғызуға бола ма?

– Күн ыстықта ағаш отырғызу қиынға соғады. Егер ағашты тамырымен әкеліп отырғызсақ, алып кетуге мүмкіндік бар. Ал кейбір ағашты ыстықта отырғызу қолайсыз. Жалпы айтқанда, Қызылорданың климаты ағаш өсіруге айтарлықтай қолайлы емес. Дегенмен дұрыс әдіс пен ерекше күтіммен өсіруге болады.

– Бейбарыс сұлтан көшесі бойында

неше жыл бұрын егілген ағаштар биыл құрап қалды. Су жетпеді ме, әлде басқа себебі бар ма? Құраған ағашты шауып тастаумен іс біте ме?

– Мұнда кінәні тек бір тарапқа ғана арта алмаймыз. Судан немесе дұрыс қарамағандықтан ғана деп айту дұрыс емес. Климат, топырақ, экология бәрі әсер етеді. Бірақ айтарлықтай судың жетіспеушілігінен емес. Ағаштарға қажетті су берілді. Бейбарыс сұлтан көшесіндегі ағаштардың құрауының басты себебі – судың тек беткі қабатқа жетіп, тамырына бойламауында. Су тек үстіңгі қабатта қалады да, тамырына дейін бойлап өсуі жеткіліксіз болады. Осы себептен ағаш қурайды. Шын мәнінде, ағаш та адам секілді. Әр ағаштың өз ғұмыры бар екенін есте ұстаған жөн. Қай ағаш қанша жыл өмір сүреді, оны тек табиғат біледі. Мысалы, терек 15-20 жылға дейін өмір сүреді.

– Қызылорда қаласын жасыл қала ету қиындау екенін айтты қалдыңыз. Демек, қала табиғаты кез келген ағаш, гүл үшін төзімді емес. Сонда қандай ағаш егу керек?

– Иә, дәл солай. Қызылорданың экологиясы басқа өңірлерге қарағанда күрделі. Жаздың шілдігір шілдесі 50-60 градусқа дейін ыстық болады. Мұндай аптап ыстықта ағаш та, адам да зорға өмір сүреді. Сондықтан бізге ең алдымен саялы, ыстыққа төзімді ағаштар қажет. Мысалы, ұзындығы 8-10 метрге жететін ағаш отырғызсақ, олардың көлеңкесі қаланың аптап ыстығын біраз жеңілдетіп, күннің қызуын шамамен 40 градусқа дейін төмендетуі мүмкін. Біз дәл осындай жағдай жасағымыз келеді. Қызылорданың аптап ыстығында адамдар көлеңкеде, күннің ыстығынан қорғана алатын болса дейміз. Бұдан бөлек, әр ағашқа қамқорлық жасау, оны дұрыс суғарып, тыңайтқыш беру маңызды. Біз қала тұрғындары үшін жайлы, жасыл қала жасауды мақсат етіп отырмыз.

«АІТУ»: ЦИФРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Жаңа байланыс – ұлттық мүдде

Қазақстан үкіметі «Aitu» қосымшасын мемлекеттік қызметтер саласында ұлттық мессенджер ретінде бекіту туралы бастама көтерді. Жуырда өткен үкімет отырысында барлық мемлекеттік органдардың осы отандық платформаны қолдануға көшуі талқыланды. Ресми мәліметке сүйенсек, «мемлекеттік органдар Aitu-ға ауысып, экожүйенің негізгі қатысушылары бірінғай цифрлық ортаға бірігеді. Үкіметтің баспасөз қызметінің хабарлауынша, бұл тәсіл заманауи, қауіпсіз әрі қолайлы цифрлық ортаны қалыптастырып, онда мемлекеттік қызметтер әр азаматқа тиімді болады. Басқаша айтқанда, «Aitu» базасында мемлекет барша азаматтарға арналған «Бір терезе» қағидаты бойынша қызмет көрсететін цифрлық кеңістік құруды көздеп отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы 11 тамыздағы жасанды интеллекттің дамыту жөніндегі кеңесте жеке деректерді қамтитын барлық коммуникацияларды қорғалған ұлттық мессенджерге көшіруді тапсырған еді. Сол тапсырманы жүзеге асыру мақсатында премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен цифрлық штаб отырысы өтіп, онда «Aitu» ресми жұмыс алаңы ретінде бекітілді. Премьер-министр қабылданған шаралардың дер кезінде әрі сапалы орындалуы маңызды екенін атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қазақстанды Еуразия-ның цифрлық хабы етуді мақсат етті. Цифрлық штаб барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдарға міндетті шешімдер қабылдады. Нәтиже ақпараттық қауіпсіздікті арттыруға және мемлекеттік аппарат жұмысының тиімділігін күшейтуге бағытталған, – деді Олжас Бектенов.

Жеке дерек сыртқа шықпайды

Үкіметтің цифрлық штабы мемлекеттік құрылымдардың «Aitu»-ға көшуінің нақты мерзімін белгіледі. 2025 жылғы 15 қыркүйекке дейін орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор ұйымдарының қызметкерлері ресми хат-хабар үшін Aitu ұлттық мессенджеріне толықтай көшуі керек. Бұған дейін цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Aitu платформасын өз құрылымында пилоттық режимде сынақтан өткізді. Енді осы тәжірибенің негізінде бұл қосымша барлық мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік ұйымдарға енгізілмек.

Мемлекеттік сектордан бөлек, қарулы күштер де қызметтік хат алмасуда «Aitu»-ды қолдануға кірісті. Қорғаныс министрлігінің мәліметінше, отандық заңнама аясында жұмыс істейтін «Aitu» ішкі әскери коммуникациялар үстінен толық бақылауды қамтамасыз етеді. Әскерде интеграция процесі 2025 жылдың соңына дейін аяқталмақ, бұл ауыстыруды жүйелі түрде, жұмысты бұзбай жүргізуге мүмкіндік береді.

Басы 1-бетте

Қорғаныс министрінің орынбасары Дархан Ахмедиев ұлттық мессенджерге көшу деректерді сенімді қорғап, цифрлық егемендікті сақтауға жағдай жасайтынын атап өтті. Оның айтуынша, әлемде мемлекеттік органдардың ұлттық IT-шешімдерді қолдануға көшуі – цифрлық кеңістіктегі тәуелсіздікті қорғау үрдісіне сай кадам. «Aitu»-дың енгізілуі қызметтік мәліметтердің сыртқа шығып кетуіне жол бермей, құпиялылықты қамтамасыз етеді деп жоспарлануда.

«Aitu»-дың ерекшелігі

Aitu – 2018 жылы іске қосылған қазақстандық цифрлық платформа. «BTS Digital» компаниясы әзірлеген бұл мобильді қосымша бастапқыда көпфункционалды («SuperApp») ретінде жасалған. «Aitu» атауы қазақ тіліндегі «айту» – «өңгімелеу, айту» сөзінен шыққан әрі ағылшынша «AI to you» тіркесімен, яғни «асаған арналған жасанды интеллект» деген мағынаны білдіреді. Бұл атау қосымшаның негізгі миссиясын, жасанды интеллект мүмкіндіктерін баршаға ұсынуды білдіреді. Платформа іске қосылғаннан бері бірнеше жыл ішінде пайдаланушылар арасында танымалдылық артып, 2022 жылы Қазақстандағы ең танымал 10 мобильді қосымша қатарына енген «Aitu»-дың әзірлеушісі «BTS Digital» – 7 жылдан астам тарихы бар, цифрлық өнімдер жасау саласында тәжірибесі мол қазақстандық IT компания.

«Aitu» кең ауқымды қызметтерімен ерекшеленеді. Мессенджер, әлеуметтік желі және төлем сервисі функцияларын бір платформада тоғыстыра отырып, пайдаланушыларға түрлі мүмкіндік береді. «Aitu»-дың басты функцияларының бірі – мәтіндік және дауыстық хабарламалар жіберу мүмкіндігі. Сонымен қатар платформада аудио және бейнеқоңырау шалу, файлдар мен медиа контент алмасу толық іске асады. Бұл тұрғыда «Aitu» кез келген жаһандық мессенджерден кем түспейді. Қолданушылар тек жеке хат алмасумен шектелмей, өзара қызығушылығына байланысты топтар, қауымдастықтар мен арналар құра алады. Жаңалықтарды бөлісіп, пікірталас жүргізуге арналған ішкі әлеуметтік желі құралы да платформаның ажырамас бөлігіне айналған. «Aitu» арқылы пайдаланушылар банкке бармай-ақ ақша аударып, түрлі қызметтер мен салықтарды төлей алады. Яғни, қосымша электронды әмиян қызметін де қоса атқарып, күнделікті қаржылық әрекеттерді жеңілдетеді. «Aitu» платформасында серіктестердің арнайы әзірлеген «mini-apps» қосымшалары бар. Бұл – қолданушыларға қосымшадан шықпай-ақ түрлі онлайн сервистерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мысалы, билет сатып алу, тапсырыс беру немесе анықтамалық қызметтерді пайдалану секілді артықшылықтары бар. «Aitu»-дың «eGov» порталымен интеграциясы нәтижесінде азаматтар мемлекеттік қызметтерді тікелей қосымша ішінен ала алады. Анықтама сұрау, өтініш жолдау, қызметке тіркелу секілді функциялар енді смартфоннан бірнеше кадаммен



іске асады. Бұл – цифрлық мемлекеттің жаңа форматына сай жасалған нақты кадам. Жан-жақты мүмкіндіктерінің арқасында «Aitu» өзін «барлығы бір жерде» қағидатындағы әмбебап платформа ретінде танытты. Қосымшаның интерфейсі қазақ, орыс және ағылшын тілінде қолжетімді.

Жасанды интеллект пен цифрлық ассистенттер

«Aitu» мессенджерінің ерекшелігінің бірі – жасанды интеллект интеграциясы. Платформа атауында көрініс тапқан «AI to you» тұжырымдамасы іске асып, қосымшаға әртүрлі AI-ассистенттер енгізілген. Бұл сандық көмекшілер пайдаланушылардың күнделікті тапсырмасын жеңілдетуге арналған. Мысалы, «контент-креатор» ассистенті әлеуметтік желі мамандарына арналған: ол сторис шаблондарын, жазба мәтіндерін, тіпті Reels идеяларын автоматты түрде генерациялайды. Сол сияқты, «үй жұмысы бойынша ассистент» оқушылар

мен студенттерге көмектеседі, сұрақтың дайын жауабын ғана беріп қоймай, оқу тақырыбын түсіндіреді, шешу жолдарын көрсетеді. Тіл үйренушілер үшін шет тілін меңгеру ассистенті қарастырылған. Ол грамматиканы түсіндіріп, ережелерді талдап береді және ауызекі сөйлесуді дамытуға жәрдемдеседі. «Aitu» әзірлеушілерінің айтуынша, бұл нейрожүйе негізіндегі көмекшілер істі анағұрлым жылдам, оңай және тиімді атқаруға мүмкіндік береді. Яғни, мессенджер тек хат-хабар алмасу құралы емес, ақылды платформа ретінде қалыптасуда. «Aitu»-дың «AI-хатшысы» тәрізді қосымша функциялары болашақта да кеңейіп, жасанды интеллекттің жаңа қырларын пайдаланушылар игілігіне ұсынабақ.

Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау

Мемлекеттік коммуникацияларға отандық мессенджерді енгізудің басты себептерінің бірі – ақпараттық қауіпсіздікті күшейту.

Нұрмахан Жұмағұлов, «KazSroyCapital LTD Kyzylorda» ЖШС агрономы:

КӨГАЛДАНДЫРУ ЖҰМЫСЫ АҒАШ ЕГУМЕН ШЕКТЕЛМЕЙДІ

– Тағы да Бейбарыс сұлтан көшесіне келсек, «Президент саябағынан» туялар осы көшеге «көшіп келді». Көлеңкелі саябақта жайқалып тұрған туялар аянышты күйге түсті. Сақтап қалуға мүмкіндік бар ма?

– Саябақта қазір жөндеу жүргізіліп жатыр. Осыған орай, 140-тан астам ағаш көшірілді. Көшірілген ағаштардың кейбірі жаңа жерге тез бейімделіп, тамыр жаоға мүмкіндік алса, қурап қалғаны да бар. Алдағы бес жыл ішінде біз Қызылорда қаласын тұрғындарға жайлы, ыстықта сая болатын жасыл қалаға айналдыруға жұмыс істеп жатырмыз. Көшірілген туялар да қаланың көркін толықтыруда маңызды рөл атқарады, әрі оларды сақтап қалу үшін барынша күтім жасалауда.

– Аяқсу қаланың бәріне түгел жетпей жатқаны белгілі. Су жеткізудің басқа қандай мүмкіндігі бар? Тамшылатып суару дегендей...

– Аяқсу – Қызылорда қаласы үшін өзекті мәселенің бірі. Шыны керек, аяқсу жеткіліксіз деп айтсам да артық емес. Дегенмен дамыған заманда қол қусырып отыра алмаймыз. Заман ағымына ілесіп, жаңа технология дәуірінде суды үнемдеп, ағаштарды тиімді суаруымыз қажет. Бұл мәселе тек Қызылорда немесе Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемде өзекті деп ойлаймын. Дамыған елдерде суды үнемдеп, жаңа технологиялар арқылы пайдалану жолға қойылған. Біз де сол үрдісті жүзеге асырудамыз. Қала көшелерінде суарудың автоматтандырылған жүйесі 60 пайызға жуық іске асуда. Арнайы таймер арқылы ағаштар мен өсімдіктер уақытылы суарылады. Ал тамшылатып суару әдісіне келсек, бұл – суды үнемдеудің ең тиімді тәсілдерінің бірі. Қазір бұл жүйе Бейбарыс сұлтан көшесі, Назарбаев, Абай даңғылында



қолданылуда. Бұл әдіспен су арнайы құбырлар арқылы әр өсімдіктің түбіне баяу тамшылайды. Алдымен су көзі дайындалады, аяқсудан алынған су сүзгіден өтеді. Арнайы пластик құбырлар жүргізіліп, әр өсімдіктің түбіне кішкентай тамшылатқыштар қойылады. Су біртіндеп жерге сіңіп, тікелей өсімдік тамырына жетеді. Су бірден жайылып кетпейді, булануы азаяды, сол арқылы шығыны да төмендейді. Мысалы, әр ағаштың түбіне екі-үш тамшылатқыш орнатуға болады, ал бақшадағы көкөністер үшін әр қатарға құбыр жүргізіледі. Бұл әдістің үлкен артықшылығы судың 40-50

пайызы үнемделеді, өсімдікке қажетті ылғал дәл тамырына жетеді, арамшөп аз өседі. Сонымен қатар тыңайтқыштарды да суға қосып, дәл осылай тамшылатып беруге мүмкіндік бар. Сондай-ақ дәстүрлі әдістер уақыттылы және жергілікті климатқа сай суару әлі де қолданыста бар. Бірақ олар көп уақытты қажет етеді. Қай әдісті алсақ та, барлығы тиімді, тек дұрыс ұйымдастырылуы қажет.

– Ағаштармен «сөйлесесіз бе?» Қалай ауырады, не жетіспейді дегендей. Қандай ағашқа қандай күтім жасалынады?

– Әрбір ағаш адам сияқты. Кей

адамдардың көңіл-күйін сыртқы бейнесінен байқай алатынымыздай, ағашты да сыртқы сұлбасынан танауға болады. Мысалы, біз бөтен біреудің үйіне немесе елден тысқары кетсек, жаңа ортаға тез бейімделе алмаймыз. Ағаш та дәл солай, өзі үшін қолайлы емес жерде қанша күтім жасап, бабын тапсаң да, дұрыс өспеуі мүмкін. Мысалы, қарағайды алайық. Бұл ағаш солтүстік аймаққа тән. Ауасы салқын, суы мол, ылғалды жерде жақсы өседі. Ал оңтүстікке әкелсек, жерсінуді қиында соғады. Дегенмен біз амалын тауып жатырмыз. Ағашқа қажетті витаминдер беріп, жағдайын реттейміз. Ағаш та ауырады. Барлығына ауру мен зиянкестерге қарсы күрес жүргізіледі. Қарағаш, көк тал, теректерді суарғанда суға арнайы витаминдер қосылады. Ағаштың жағдайын сыртқы белгілерінен бірден байқауға болады. Мәселен, су жетпесе жапырағы салбырап, тез сарғаяды, көрегі аз болса, жапырақ түсі өзгереді, ұсақтанып кетеді, зиянкеске немесе ауруға шалдыққанда қабығында дақ пайда болып, бұтақтары қурай бастайды. Сондай-ақ әр ағашқа күтім әртүрлі жасалады. Терек пен қарағашқа мол су қажет, ал жеміс ағаштарына тек су емес, тыңайтқыш та керек. Мысалы, алма ағашына көктемде азот тыңайтқышы беріледі, жаздың ортасында калий мен фосфор қосылады. Қыста ағашты аяздан қорғау үшін түбін әктеу керек. Яғни, ағаш «ауырып тұрмын» деп айта алмайды, бірақ оның әрбір белгісін дұрыс түсінген адам көп нәрсені байқайды. Ағашпен дұрыс тіл табысқан адам оның жағдайын дер кезінде көріп, қажетті күтімді жасай алады.

– Мамандар Қызылорда топырағының тұздылығын алға тартады. Енді не істейміз?

– Иә, тұзды жер екені рас, экологиясы нашар екені де шындық. Дегенмен «тұзды топырақ, сортаң жер» деп отырасақ, жасыл қала болмайтыны

анық. Сортаң жерлерді алып тастап, орнына шеге құм төсеу, топырақты қалыпқа келтіру, бәрі қолымыздан келеді. Бұл үшін тынымсыз еңбек қажет. Әрбір көшеге, әр ағашқа қамқорлық жасау керек, ал айналамызды таза ұстау – басты қағидат. Сол арқылы ғана Қызылорда жасыл қалаға, тұрғындары үшін жайлы әрі әсем ортаға айналады.

– Біржылдық гүлдер ғана егесіздер ме? Көпжылдық өсімдіктер егуге қандай мүмкіндік бар?

– Қазіргі таңда еккен гүлдердің басым бөлігі көпжылдық гүлдер. Мысалы, хризантема, хоста сияқты гүлдерді тұрақты түрде отырғызып жатырмыз. Ал бір жылдық гүлдерге келсек петуния, катарантус, целозияны ектік. Өдетте, қаланы көркейту мақсатында біржылдық гүлдер көбірек егіледі, себебі олар тез шығып, бір маусым бойы қала көркін ашады. Дегенмен бұл уақытша көрініс. Көпжылдық өсімдіктерді отырғызу – тұрақты әрі үнемді шешім. Мысалы, пион, ирис, флокс, астра секілді көпжылдық гүлдер біздің климатқа бейімделе алады. Әсіресе тамшылатып суару әдісін қолдана сәт, ыстыққа да, тұзды топыраққа қарамастан жақсы өседі. Сондықтан алдағы уақытта бір-жылдық гүлдермен қатар, көпжылдық өсімдіктерге де басымдық беруді жоспарлап отырмыз. Бұл бір жағынан шығынды азайтып, екіншіден, қалаға көрік береді. Нәтижесінде, маусымдық ғана емес, тұрақты жасыл қалаға айналады.

– Биылғы көктем мен жаз айларын қаланы көгалдандыруға арнадыңыз. Қандай зерттеу жүргізді, қандай кемшіліктер анықталды және одан қандай сабақ алдыңыз?

– Осы салада жүргеніме биыл қырық бес жылдан асты. Азды-көпті тәжірибе жинадым. Мұнда Шымкент қаласынан жұмыс барысымен ауысып келдім. Бастапқыда тегіс жер деп, ағаш отырғыздық. Алайда нәтиже болмады.

Топырақ астына су жетпейтінін түсіндік. Сол кезден бастап су жүйесін қалпына келтірдік. Барлығы тәжірибемен келеді. Биылғы көктем-жаз айларында қаланы көгалдандыру жұмысы қарқынды жүрді. Науқан барысында ең алдымен егілген ағаштар мен гүлдердің жерсінуді деңгейіне назар аудардық. Арнайы зерттеу жүргізіп, қандай ағаш түрі жергілікті топыраққа төзімді екенін, қайсысы су тапшылығына бейімделмей қалғанын анықтадық. Көгалдандыру жұмысы тек ағаш отырғызумен шектелмейді. Оған тұрақты күтім, уақытылы суару, тыңайтқыш беру қажет. Сонымен қатар климаттық жағдайға бейімделген ағаш түрін тандау маңызды екеніне көз жеткіздік. Келесі жылы осы тәжірибеге сүйеніп, жұмысты одан әрі жүйелі жүргіземіз.

– Қандай ағаштар құрғақшылыққа төзімді?

– Шаған ағашы, терек, қарағаш, арша, акация ағаштары Қызылорда табиғатында жақсы өседі. Алматы қаласында жыңғылдың әдемі түрі өседі, қалаға көрік беретін сәнді ағаш болып саналады. Соны егу жоспарда бар.

– Бес жылдан кейінгі Қызылорданы қалай елестетесіз?

– Осы қарқынмен алға қарай жүре берсек, Қызылорда жасыл қалаға айналары анық. Әрбір тұрғын өзінің ауласын көгалдандырса, бұл да жасыл қалаға қосқан оң қадамның бірі болады. Мемлекет басшысы айтқандай, бізге ешкім сырттан келіп, ештеңе жасап бермейтіні анық, бәрі өз қолымызда. «KazSroyCapital LTD Kyzylorda» ЖШС мен қала әкімдігі арасындағы бес жылдық келісім аралығында Қызылорданы жасыл қалаға айналдырамыз деп сенемін.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Өңгімелескен
Айдана БАХТИЯР

Басы 1-бетте

ІСКЕРЛІГІМЕН ТАНЫЛҒАН АЗАМАТ

Еркін Әбдірайханұлы ауылдың жағдайын жақсы біледі. Елдің, жердің қыр-сырына қанық. Ата-анасын да танымыз. Үлгілі отбасынан шыққан. Бізге сырттан келгеннен ауылдан шыққан азамат әкім болғаны жақсы. Ненің не, кімнің кім екенін біледі. Еркін үлкеннің де, кішінің де тілін табады.

Әкім болған уақытында өзінің іскерлігімен танылды. Ауылдың электр желісін жаңартты, қазір бұрынғыдай жарық беймезгіл өшіп, берекені алмайды. Хан сарайындай мәдениет үйі салынды. Көшелеріміз тегіс әрі жарық.

Қазір халықтың әл-ауқаты бұрынғыдан көп жақсарды ғой. Еркін осы қатарда ауылдың өсіп-өркендеуіне үлес қосты. Барлығын үйлестіре білді. Қазір ауыл мен қаланың айырмашылығы жоқ десек те болады. Осының барлығы Еркін сияқты іскер азаматтардың дұрыс әрекет жасап, жөнді шешім қабылдауынан деп білемін.

Амангелді
ДОСМАХАНҰЛЫ,
ауыл тұрғыны
Қаржысы облыс
бюджетінің қаражатынан
төленді.



– Еркін Әбдірайханұлы, өзіңіз туған жерге әкім болудың, елге қызмет етудің артықшылығы неде?

– Ең басты артықшылығы – туған жеріңді түлетуге тек әкім ретінде ғана емес, сол елдің перзенті ретінде ұмытылуында. Мен өзім осы ауылда туып-өстім. Ауылдағы еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін жақсы танымын, әрбір отбасының жағдайын жақсы білемін. Ауылдың айбыны асып, мәртебесі көтерілсе деп еңбектенесін.

– Әкімдік қызмет мойныға жүктелгенде елдің қандай мәселесін шештіңіз? Көкейде талай жыл жүріп, тарқаған бір түйткіл бар ма?

– Қарауылтөбеде мен ес білгелі, тіпті мен ес білгеннен бұрын да мәдениет үйі деген болған емес. Мен әкім болған уақытта облыс әкімінің қолдауымен ауылдан кең сарайдай мәдениет үйі салынды. Ойда жүрген бір үлкен іс еді. Қазір ел игілігін көріп отыр. Бұрындары есеп беру тәрізді үлкен жиындарда клуб қызметкерлері құрал-жабдықтарымен мектепке көшіп жүретін. Қазір үлкен жиын да, салтанатты кеш те мәдениет үйінде өтеді. Мен осы жағдайға қуанамын.

Жыл өткен сайын Қарауылтөбе ауылының ауқымы кеңейіп жатыр. Ауылға кіреберістегі жаңадан үйлер шоғырланған мекен де бізге қарайды. Ол бұрын егістік жер болатын. Кейін тұрғын үйге жер беріліп, ел қоныстанды. Сол жақтың тұрғындары көрген сайын «тым құрыса, құм төсеп берші» дейтін. Жауын жауса, белуардан батпаққа бататын көшеге қазір қиыршық тас төселіп, жақсы

Көңіл түкпірінде «туған жерге қызмет етемін» деген асыл арман оны жылдар бұрын қызметке әкелген. Халықтың алғысын арқалап, «батаменен ер көгердінін» айқын мысалы болды. Жарқын болашаққа өзі ғана емес, кіндік қаны тамған туған топырақпен бірге баруға бекінді.

Еркін Ахетов,
Қарауылтөбе ауылдық округі әкімі лауазымына кандидат:

ӘКІМ БОЛУДА ӘКЕ СӨЗІ БАҒДАР БОЛДЫ

жағдайда тұр. Мен сол кісілердің бейнетін қатты уайымдайтын едім. Мәселе кәдімгідей арқама бататын. Бұл да бір біткен іс болды.

Ауылда жауын жауса, электр жарығынан ажырап, «қараңғы түнде тау қалғып», бар тіршілік ұйқыға кететін. Ауылдағы қосалқы стансалар мен электр желісі түгелдей жаңарды. Қазір заманға сай жарқыраған көше шамдары тұр. Жаяу жүргіншілер жолы ол бар. Қысқасын айтқанда, халықтың тұрмыс-тіршілігіне қажеттінің бәрін жасауға тырысып келеміз. Алдағы уақытта жаңартуды қажет ететін үш көшенің жарық жүйесі бар. Оны уақыт содзырмай, қолға алуға қам жасаймын.

– Алдағы уақытта мына мәселені күн ұзатпай шешер едім деп жүрген, арқаңызға батқан қандай түйін бар?

– Ауылға амбулатория салу жұмысын үйлестіруге күш салғым келеді. Басы ауырып, балтыры сыздаған қаншама жан амбулаторияның жоқтығынан қала орталығындағы №6 емханаға баруға мәжбүр. Мұндағы бөлімше аз ғана халықты қамтамасыз ете алады. Денсаулығы сыр беріп, дертіне шипа іздеген адамға ауылдан қалаға ат арытып барып келу де оңай емес. Осы мәселе менің жанымға батады. Алдағы уақытта ол да шешімін табатынына сенемін.

– Елдің негізгі табыс көзі – егін мен мал шаруашылығы. Жастардың мамандық тандауына көмектесіп, ел ағасы ретінде қолдау көрсетесіз бе?

– Әрине, биыл – жұмысшы мамандықтары жылы. Тек биыл ғана емес, жалпы алғанда адам баласы өзінің болашақта наным жей алатын, қоғамда сұранысқа ие, қажетті, жұмыс таба алатын саланы оқу керек. Қазір жұмысшы мамандықтардың кәдірі де, наны да жүріп тұр. Адал еңбек еткеннен ешқашан да намыстанбау керек. Жастарға осы ұғымды көп айтқамын. Мамандықтан бөлек, кәсіп ашамын дегендерге де қазір мемлекеттен қолдау көп. Осы қолдауды тиімді пайдалануға, өздерін жаңа қырынан тануға, қолын аузына жеткізуге барынша тырысамын.

Негізі уәде бермеймін, бірақ айтқанымды орындайтын адаммын.

– Қарапайымдылығыңызды байқап отырмыз. Ұстанымыңыз қандай?

– Әке мектебі деген үлкен мектеп бар. Мен үшін осы мектеп жылдардан құралған қымбат тәжірибе. Әкемнің әрбір сөзі мені адалдыққа, елге қызметке жетелеп келеді. Ол «қара нан мен қара су ішіп, тыныш ұйықтағанға еш нәрсе жетпейді» дегенді үнемі айтатын. Бауырларымың алды 70-ке келді. Басамыз қосылғанда әкеміздің сол сөзін ойға бір түсіріп, танданысымызды айтамыз. Менің әкім болып елге қызмет етуімде әке сөзі бағдар болды.

– Әкім болсаңыз, тағы қандай жоспарыңыз бар?

– Жоспар көп. Ауылдағы кез келген саланың дамуына үн қосамын. Қандай да бір бастаманың арғы жағында елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, ауылдың гүлденуі тұрады. Осы екі тақырып бір-бірімен тығыз байланысты. Халықтың жағдайы жақсарса, ауыл да дами түседі.

Қарауылтөбе – кіндік қаным тамған, туып-өскен жерім. Туған жердің бір перзенті ретінде ауылдың сай-саласы мен үшін ыстық. «Ер туған жеріне» деп бекер айтылмаса керек. Ауылдан түлеп ұшып, білім алып, сол білімді, тәжірибені ауылды түлетуге жұмсау – әр перзенттің арманы. Мен де асқақ арманмен елге қызмет етсем дейтінмін. Сол арманымға жетіп, бұған дейін де ауыл әкімі ретінде халыққа қызмет етсем, сол қызметімді әлі де жалғастыруды жөн көрдім. Мен туған жеріме қызмет етуге әрқашан дайынмын!

– Сұхбатыңызға рахмет.

Әңгімелескен Дәулет ҚЫРДАН,
Суретке түсірген Нұрболат Нұржаубай

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді.

«Бегім ана» – республикадағы үздік балабақша

Педагогикалық тамыз кеңесі жаңа оқу жылы қарсаңындағы білім беру жүйесінің басты стратегиялық бағытын айқындайтын, еліміздің білім беру саласында атқарылған жұмысты қорытындылайтын, болашаққа міндеттейтін маңызды сәт. Сол жиында жыл бойы атқарған жұмыстың сараланып, еңбегін бағаланып жатса, нұр үстіне нұр емес пе? Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Астана қаласында өткен «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» тақырыбындағы тамыз конференциясына қатысу кез келген педагог үшін үлкен мәртебе.



герушісі Жанат Мұханбетқалиқызы «Үздік күзиреттілік орталығы» дипломымен, ізденіс жолындағы еңбегі, шеберлігі мен білім беру саласындағы жаңашылдығы үшін «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталды. Бұл, әрине, «Бегім ана» бөбекжай бақшасы ұжымының педагогикалық шеберлігі мен ерен еңбегінің жемісі. Бұған қоса талапшыл, ізденімпаз басшының үлкен ұжымның қызметін үйлестірген жүйелі жұмысының нәтижесі. Білікті басшының педагогикалық салада 31 жыл еңбек өтілі бар.

Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда педагогика, білім беруді басқару, оқыту әдістемесі бойынша «Ізденіс жолы» республикалық ғылыми, ақпараттық-танымдық педагогикалық журналында «STEAM оқыту-бөбекжай бақшада» мақаласын, «Дана бала» республикалық ғылыми-ақпараттық әдістемелік журналында «Мектепке дейінгі ұйымдағы балалар мультстудиясы» мен бірнеше мақалалары республикалық педагогикалық тәжірибе алаңында насихатталып, оқу-әдістемелік нұсқаулық ретінде мектепке дейінгі мекемелерге таратылған.

Аулаға кіргеннен-ақ тиянақтылық пен тазалық, ұқыптылық пен тәртіп сезіледі. Шағын балабақшадан үлкен өмірге қанат қағатын балақайлардың айналамен танысуына, зердесінің ашылуына, тәлім-тәрбиесінің нығаюына педагогтар мен тәрбиешілер қауымы жауапты. Сондықтан оларға артылатын міндет пен жауапкершілік жүгі жеңіл емес.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА



БАРМЫСЫҢ, БЕКІРЕ!



– Бекіре – ерекше күтімді талап ететін балық. Жем-шөбін күніне алты мәрте береміз. Арасында Германиядан, Ираннан, Алматы мен Қырғызстаннан жеткізілетін арнайы азық пайдаланылады. Бекіренің еті де, уылдырығы да әлемде жоғары бағаланатын өнім. Бұл болашақта біздің өңірге де үлкен пайда әкелмек, – дейді кәсіпкер.

Балық та ауырады

Бекіре – табиғатынан аса сезімтал балық. Оның ауруға шалдығуы көбіне судың сапасына, температурасына, оттегі мөлшеріне және қорегінің құнарлылығына байланысты. Егер су лайланып, құрамындағы қоспалар көбейсе, балық әлсірей бастайды. Ал оттегі азайса, ең әуелі тынысы тарылып, су бетіне жиі шығады.

– Бекіренің жағдайы әуелі тыныс алуынан байқалады. Егер оттегі болмаса, ол судың бетіне жиі шығып, әлсірей бастайды. Жем жемей қалуы да сырқаттың басты белгілерінің бірі. Әрбір өзгерісті бақылап отырмасаң, бекіре ұзаққа шыдамайды, – дейді Ғалымжан Нагиев.

Ауру белгілерінің бірі – балық қозғалысының баяулауы, жүзіп жүріп бүйіріне қисайып кетуі. Кейде сыртық қабығында жара немесе көгерген дақтар пайда болады. Мұндайда балықтың әлсірегенін анық көруге болады. Сырқаттың алдын алу үшін су құрамын қадағалау керек. Әсіресе аммиак, нитрит, нитрат мөлшері жоғарылап кетсе, ол балықтың улануына әкеледі екен.

– Біз суды арнайы сүзгіден өткізіп, оттегін жеткізіп отырамыз. Егер әлсіз, ауырған балық байқалса, оны бөлек бассейнге шығарып, дәрілік заттар қосылған сумен өңдейміз. Кейде арнайы витаминді қоспалар арқылы қоректендіріп, емдейміз – дейді кәсіпкер.

Бекіре балығы – адам ағзасына аса пайдалы, нағыз табиғи өнім. Оның еті дәруменге бай, түрлі аурулардың алдын алуға септігін тигізеді. Әсіресе А дәрумені көздің көру қабілетін жақсартып, иммунитетті күшейтеді. D дәрумені сүйек пен буынды мықты етеді, ағзаға қалыңды

Басы 1-бетте



дәмді, сапалы. Бұл – тұтынушы үшін де, кәсіпкер үшін де тиімді, – дейді Ғалымжан Нагиев.

Бекірені қолдан өсіру ісі – бір адамның ғана емес, тұтас өңірдің үміті. Бұл – жоғалған қазынаны қайта тірілту, табиғаттың нәзік тепе-теңдігін қалпына келтіру жолындағы үлкен қадам. Әлем «қара алтын» деп бағалаған уылдырық Сыр өңірінің жаңа мүмкіндігіне айналмақ.

– Бұл бассейндердегі балықтар келер жылы-ақ салмақ жинап, өсіп-жетіледі. Сонда олар тұтынуға жарамды өнімге айналып, халықтың дастарханнан да, өңірдің экономикасынан да орын алады деп сенеміз. Бекіре – Сыр бойына қайта оралған қазына болуы тиіс, – дейді кәсіпкер.

Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА

ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА

ОТЫЗ ЖЕТІНШІ
СӨЗ

1. Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.

2. Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады.

3. Хикмет сөздер өзіншіл наданға айтқанда, көңіл уанғаны да болады, өшкені де болады.

4. Кісіге біліміне қарай болыстық қыл: татымсызға қылған болыстық өзі адамды бұзады.

5. Әкесінің баласы – адамның дұшпаны. Адамның баласы – бауырың.

6. Ер артық сұраса да азда разы болады. Ез аз сұрар, артылып берсең де разы болмас.

7. Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлның бірі боласың.

8. Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дағға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал.

9. Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват.

10. Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім.

11. Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында. Дүниеде бар жаман да көпте, бірақ қызық та, ермек те көпте. Бастапқыға кім шыдайды? Соңғыға кім азбайды?

12. Жамандықты кім көрмейді? Үмігін үзбек – қайратсыздық. Дүниеде ешнәрседі баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсін? Қары қалың, қатты қыстың артынан көгі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?

13. Ашулы адамның сөзі аз болса, ыза, қуаты артында болғаны. Егер де аузынан қара нан ағызса, домбыт мақтаншақ қорқақ.

14. Қуанбақтық пен бақ – мастықтың үлкені, мыңнан бір кісі-ақ қ...н ашпайтұғын, ақылы бойында қалады.

15. Егер ісім өңсін десең, ретін тап.

16. Биік мансап – биік жартас, ерінбей еңбектеп жылан да шығады, Екпіндеп ұшып қыран да шығады. Жікішіл ел жетпей мақтайды, желөкпелер шын деп ойлайды.

17. Дүние – үлкен көл, заман – соққан жел, алдыңғы толқын – ағалар, артқы толқын – інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер.

18. Бақпен асқан патшадан, мимен асқан қара артық; сақалын сатқан көріден еңбегін сатқан бала артық.

19. Тоқ тіленші – адам сайтаны, Харекетсіз – сопы монтаны.

20. Жаман дос – көлеңке, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың; басыңды бұлт шалса, іздеп таба алмайсың.

21. Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас. Қайғысыздан сақ бол, Қайғылыға жақ бол.

22. Қайратсыз ашу – тұл, тұрлаусыз ғашық – тұл, шәкіртсіз ғалым – тұл.

23. Бағың өскенше тілеуінді ел де тілейді, өзің де тілейсің, бағың өскен соң өзін ғана тілейсің.

БЕЛКӨЛ:

ЖАҢАЛЫҒЫ КӨП КЕНТ

Әр мекеннің, әр ауылдың өзіндік тарихы бар. Көненің көзіндей болып, өткен мен бүгіннің арасын жалғаған мекеннің бірі – Белкөл кенті. Бұл шағын ғана мекен талай кезеңнің куәсі болған. Құмды даланың төсінде қаз-қатар бой түзген алғашқы көпқабатты үйлер мен әлеуметтік нысандардың іргетасы да дәл осы жерде қаланған деседі. Кезінде теміржол бекеті ретінде айшықты жылдарымен есте қалған.

Атқарылған іс көп

Өткен жылы кентте бірқатар көше жаңартылып, тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру бағытында бірқатар жұмыс атқарылған. Атап айтқанда, К. Әбдіқалыров көшесінде ұзындығы 1,9 шақырымды құрайтын жаяу жүргіншілер жолы салынған. Сонымен қатар Бірлік, Путьцев, К. Әбдіқалыров 4 және 6 көшелеріне түнгі жарық шамдары орнатылып, тұрғындардың қауіпсіздігіне қолайлы жағдай жасалған. Осындай жұмыстар Белкөл кентіне қарасты «Бірқазан» елді мекенінің орталық көшесінде де жүзеге асырылып, жарықтандыру жүйесін орнатуға 11,6 млн теңге қаржы бөлінген. Сондай-ақ тұрғындардың қауіпсіздігі мен өмір сапасын арттыру мақсатында, Бірлік көшесінде заманауи балалар ойын алаңы салынып, ел игілігіне пайдалануға берілген. Қазір кентте көше жарық, жол тегіс әрі қауіпсіз.

– Электр жүйелерін жаңғырту – біздің басты басымдықтарымыздың бірі. Өткен жылы Жерұйық, Сарыарқа және Бірлік көшелерінде тозығы жеткен желілер толық ауыстырылып, жаңа электр желілері тартылды. Сонымен қатар ұзындығы 21 шақырымды қамтитын 12 көшенің желісін жаңарту үшін жоба-сметалық құжаттар әзірленді. Биыл да бұл жұмыстар жалғасын табууда. Атап айтқанда Жерұйық, Путьцев түйігі, Әбдіқалыров №1, 2, 9, Әбдіқалыров түйігі және Бірқазан елді мекеніндегі Көкжиде көшелерінде жарық жүргізу басталды. Бұған қоса, №1, 11 және 12 көпқабатты тұрғын үйлердің шатырлары жөнделіп, ауаларын абаттандыру жұмыстары қарқынды жүріп жатыр, – дейді кент әкімі Жасұлан Сәдуақасов.

Дегенмен Белкөл кентінде шешімін күтіп тұрған түйткілді мәселелер де бар. Соның ішінде халық үшін ең өзектісі – аяқсу тапшылығы. Бұл мәселе тұрғындардың күнделікті тұрмысына да, ауылдың әлеуметтік-мәдени дамуына да тікелей әсер етуде. Кент әкімі бұл мәселенің де көп ұзамай шешімін табатынын айтты.

– Кенттің орталық көшелеріне аяқсу тарту мәселесі бүгінгі таңда әлі де өзекті күйінде қалып отыр. Бұл түйткілді шешу мақсатында 254,9 млн теңгені құрайтын жоба-сметалық құжаттар әзірленіп, қайта жаңғырту жұмыстары жоспарлануда. Егер бұл бастама жүзеге асса, ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасы едәуір жақсармақ, – дейді Жасұлан Сәдуақасов.

Білім мен денсаулыққа ден қойған

Белкөл кентінде білім беру мен денсаулық сақтау салаларына айрықша көңіл бөлініп, жүйелі жұмыс жүргізілуде. Қазіргі таңда кентте екі орта мектеп – №189 және №145 мектебі бар. Онда барлығы 900-дей оқушы білім алууда. Сондай-ақ бір мемлекеттік балабақша жұмыс істейді. Мұнда 160 бүлдіршін тәрбиеленіп жатыр. Айта кету керек, бұл балабақша ғимараты 2020 жылы «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы аясында күрделі жөндеуден өтіп, заман талабына сай жаңа жабдықтармен қамтылған. Халықтың денсаулығын қорғау



бағытында да ауқымды іс-шаралар жүзеге асуда. 2020 жылы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында заманауи дәрігерлік амбулатория ел игілігіне берілген. Мұнда 8 орындық күндізгі стационар жұмыс істейді. Сонымен қатар кентке қарасты Бірқазан елді мекенінде 2018 жылы жаңа медициналық бекет ашылып, халыққа қызмет көрсетіп келеді. Заманауи құралдармен жабдықталған бұл мекеме ауыл тұрғындарының алғашқы медициналық көмекке қолжетімділігін едәуір арттырды.

Кәсіппен көтерген кент

Кентте шағын және орта кәсіпкерлікке ерекше көңіл бөлінуде. Бүгінде мұнда 464 шағын кәсіпкерлік нысаны тіркелсе, соның 460-ы белсенді түрде жұмыс істеп тұр. Биылдың өзінде 79 жаңа кәсіпкерлік нысаны ашылып, 81 тұрақты жұмыс орны құрылған. Мемлекеттік бағдарламалар да тұрғындардың кәсіп бастауына айтарлықтай серпін беріп отыр. Мәселен, жыл басынан бері «Бизнес-Бастау» жобасы аясында 13 тұрғын оқу курсы аяқтап, 6 тұрғын жалпы құны 9,4 млн теңгені құрайтын қайтарымсыз грантқа қол жеткізді. Бұған қоса, 154,7 млн теңге көлемінде 7 жоба қаржыландырылды. Сонымен қатар «Байқоңыр ӘКК» АҚ арқылы «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 3 жоба қолдау тапса,




«Іскер» бағдарламасы аясында «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ бір кәсіпкердің жобасын қаржыландырды. – Кәсіпкерлерді қолдау шаралары бүгінде өз нәтижесін беруде. Бұл кентіміз үшін үлкен жетістік деп есептеймін. Мемлекеттік бағдарламалардың көмегімен талай азамат өз кәсібін бастауға мүмкіндік алып отыр. Мәселен, «Микробизнес-Қызылорда» бағдарламасы шеңберінде «Өңірлік инвестициялық орталық» микроқаржы ұйымы арқылы жеке кәсіпкер Аяулым Алдашова ауыр жүк көлігін сатып алу жобасын жүзеге асыру үшін 9,3 млн теңге қаржы алған. Бұл кент тұрғындары үшін де маңызды, себебі мұндай жобалар жаңа жұмыс орындарының ашылуына, шағын бизнестің кеңеюіне жол ашады. Сонымен қатар «2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» аясында да ілкімді істер атқарылуда. Атап айтқанда, екінші деңгейлі банктер арқылы жалпы сомасы 114,6 млн теңгені құрайтын 2 жоба қаржыландырылып отыр.

Бұл жобалар толық жүзеге асқанда, кент экономикасына айтарлықтай серпін берері анық. Өйткені кәсіпкерлік ауылдың әлеуметтік ахуалын жақсартып қана қоймай, тұрғындардың тұрақты табыс көзіне айналуға, – дейді кент әкімі Жасұлан Сәдуақасов.

Әкімнің айтуынша, алдағы уақытта да кәсіпкерлікті дамытуға ерекше мән беріліп, қолдаудың түрлі тетіктері қарастырыла береді. Жаңа жобалардың жүзеге асуы кенттің экономикалық әлеуетін арттырып қана қоймай, ауыл тұрғын-

дарының тұрмысын жақсартуға, олардың өз кәсібін ашып, табыс табуына мүмкіндік береді.



Домбыра жасау шебері

Әке жолын жалғап, қолөнерді кәсіп еткендер көп емес. Солардың бірі Белкөл тұрғыны Акбүркіт Жауынғаров. Ол домбыра жасайды.

– Әкем ағаш шебері болды. Бірақ ол домбыра жасаумен айналыспады. Өзім кішкентай кезімнен домбыраға, оның сазды үніне ерекше қызығатынымын. Сол қызығушылық кейін үлкен арманға айналды. Қолөнерге деген құштарлығымды одан әрі дамыту үшін мемлекеттен 5 млн теңге көлемінде грант алып, ісімді бастадым. Бұл мен үшін үлкен қолдау болды, – дейді шебер.

Ол 2024 жылы «Бір ауыл – бір өнім» жобасының жеңімпазы атанған. Бұл – оның еңбегінің нәтижесін дәлелдеген үлкен жетістік.

– Қазақтың ұлттық аспабын жасау ерекше шыдамдылық пен мол тәжірибені қажет ететін күрделі іс. Домбыраға қажетті ағаштың да талғамы бар. Кейбір ерекше ағаш түрлері, граб, қызыл ағаш, шынар секілді ағаштар шет елден жеткізіледі. Бұл ағаштардан жасалған домбыраның үні де өзгеше шығады. Домбыра тек аспап емес, ол – халықтың жүрегіндегі қазына, рухтың үні. Сол себепті мен әр туындыма ерекше мән беруге тырысамын, – дейді Акбүркіт Жақсыбекұлы.

Ол қолөнердің қыр-сырына қызығушылық танытып жүрген жастар болса, ол бар білгенін үйретуге дайын екенін айтты.

– Үйренемін деген жігіттер болса, үйретуге әрқашан дайынмын. Шәкіртім болса екен деген арманым бар. Өйткені өнерді жалғастыратын ұрпақ қажет. Қолөнерге қызыққан әр жасқа есігім айқара ашық, – дейді шебер.

Бүгінде оның қолынан шыққан домбыралар ауыл ішінде ғана емес, облыс көлемінде де жоғары сұранысқа ие бола бастаған. Ұлттық мұраға деген құрмет пен адал еңбектің арқасында елге танылып келеді.

Ешкі өсірген кәсіпкер

Белкөл кентінің тұрғыны Шырынхан Әділханқызы 2024 жылы жаңа істі қолға алып, мал шаруашылығына тың серпін бергендердің бірі. Ол «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 4 пайыздық жеңілдетілген несиеге қол жеткізіп, кәсібін бастаған. Бүгінде ол 30 бас асыл тұқымды «Заанен» мен «Альпі», сондай-ақ «Нубий» сынды асыл тұқымды ешкілер өсіруде. Бұл ешкі тұқымы әлемде жоғары өнімділігімен танымал. Әсіресе, сүтінің майлылығы мен сапасы ерекше, одан дайындалатын ірімшік, айран секілді тағамдар шетелде кең сұранысқа ие.

– Асыл тұқымды ешкінің күтімі жеңіл, тез көбейеді. Алдағы уақытта сүт өңдеу ісін жолға қойып, дайын өнім шығарғым келеді, – дейді Шырынхан Әділханқызы.

Оның айтуынша, мемлекеттен берілген қолдау кәсібін бастауға үлкен демеу болған. Қазірдің өзінде мал басын көбейту, жаңа қора-жай салу жоспары тұр. Шаруашылық иесінің бұл еңбегі ауыл жастарына да үлгі. Себебі ауылда отырып-ақ кәсіп жүргізіп, тұрақты табыс табуға болатынын көрсетіп отыр.

– «Ауыл аманаты» бағдарламасының басты артықшылығы – төмен пайыздық несие. Бұл мүмкіндікті тиімді пайдаланып, кәсібімді бастадым. Ендігі арманым – өнім көлемін арттырып, ауыл тұрғындарын да жұмыспен қамту, – дейді кәсіпкер.

Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА

Меншік иесі:

жауапкершілігі
шектелуі серіктестігіБас директор
Марат АРАЛБАЕВҚызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясыБас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі номер – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі номер – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі номер – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі номер – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4019 Тапсырыс №1430

Нөмірдің кезекші редакторы Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА